


1 2007  
19к

Жаксылык  
Рахматулла

САҒЫМ  
ХЫЛДАР



Жақсылық Рахматулла

# **САҒЫМ ЖЫЛДАР**

*(хикаяттар)*

Алматы  
Сөздік-Словарь  
2005

ББК 84 қаз 7-7

P 24

**Рахматулла Ж.**

**P 24 Сағым жылдар. Хикаяттар.** Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2005. — 264 бет.

ISBN 9965-409-81-1

Жазушы Жақсылық Рахматулла жаңа кітабында екі ғасыр тоғысындағы адамдар санасына сібізгілеп ене бастаған ұлы өзгерістерді әр қилы тағдырлар арқылы суреттейді.

Хикаяттар топтамасына ортақ желі — замана ағысына ілескен қарапайым жандардың еңбекке, өткен мен бүгінге һәм келешекке көзқарасын, ниет-пиғылын іс-әрекетімен бейнелеу арқылы келер ұрпақтың жүрегіне ата-бабасы қастерлеген елі мен жеріне деген аялы сезімін ұялату.

Автордың тілі тұшымды, ойы тұздықты, сюжеттері тартымды. Кітап баршаның талғам-таразысына арналған.

P 4702250201  
00(05)-05

**ББК 84 қаз 7-7**

ISBN 9965-409-81-1

© Рахматулла Ж., 2005

© “Сөздік-Словарь”, 2005

## “САҒЫМ ЖЫЛДАРҒА” СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІН

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Жақсылық Рахматуллинның “Сағым жылдар” кітабы қыстың көктемге алмасқан қара өзек шақ тұсындағыдай, коммунистік қоғам ызғарының екпіні қайтып, еркін, тәуелсіз өмірдің алтын күрегі соға бастаған кезеңдегі адамдар санасында оянған өзгерістерді бейнелеуге тәуекел етеді.

Әдебиеттің мұрасы — адам, оның болмысы, мінез-құлқы, ниет-пиғылы, ащылы-тұщылы ғұмыры. Сол, арнасы кең, түбі терең дариядай ағып жатқан өмірдің қыры мен сырын қаз қалпында сезініп, білген ешкім жоқ. Бірақ, білуге, зерттеуге, ұғынуға ұмтылыс бір сәтке саябырсып, тоқтаған да емес. Руханият дүниесіндегі осы құштарлықтан ірілі-уақты тарих жасалып, ұрпақтың зердесіне ақыл-парасат сәулесі құйылып жатады. Өткенсіз бүгін, бүгінсіз келешек болмасы қандай ақиқат десек, оны көпшілік жазушы танымынан туған әр санаттағы жазбалар арқылы ұғымға ұялатар еді. Демек, әдебиет дейтұғын қасиетті шаңырақтың отауынан адамға жұғатын өнегенің неше бір үлгілерімен танысып, керегіңді қалап алуыңа ықтиярың бар.

Әдебиет отауының табалдырығынан күн құрғатпай атып шығып жататын перзенттер қаншама... “Сағым жылдар” да соның бірі.

Жақсылық — иншалла, шаруа отбасында өскен, кейін де кәсібіне орай тамырын “жусан исі аңқыған” ауылдан үзбеген жазушы. Мұны бұрынғы “Толқында туғандар” кітабымен дидарласқанда пайымдаған болатынбыз. Ал, мына “Сағым жылдар” туындысы автордың сол өзіне ертеден өтене жақын ел ахуалы туралы толғамдарынан әлі де қара үзбегенін әйгілейді. Кітапқа еніп отырған “Жала мен жала” хикаяты журналистер қызметінің сан алуан қиындығын, билеуші қоғамның қиянатын кішкене оқиға арқылы нәзімді бейнелесе, өзге үш хикаят тұғасымен ауыл өміріне

арналған. Әр шығарманың желісі қызғылықты сюжеттерге құрылып, шаруа баққан адамдар мен оларға үстемдік ететін басшылықтың қарым-қатынасы көркем тілмен өрнектеледі. Диалогтар құруға шебер жазушы, қазақы салт-дәстүр мен аңыздарды қисынды бере отырып, оқырманды қоғам аясындағы әрқилы құбылыстар туралы ой түюге жетелейді. “Жақсы не, жаман не?” деген сауалға еріксіз жауап іздеуге ықылас қойдырады.

Хикаяттар қарапайым жазылса да, үлкен әлеуметтік мәселелерді көтеруімен ерекшеленеді. Рас, кітаптың өн бойында түрлі деректер жиі көрініс бергенімен, ол шығарманың көркемдік сапасын әлсіретпейді, қайта композициялық арқауын ширата түседі.

Кітап жазылды. Енді оның бағасын оқығандар береді ғой. Әзірге автордың жаңа еңбегіне жол болсын айта келе, кітаптың талғамы биік оқырманның үмітін ақтайтынына сенімім кәміл.

*Бағдат КӨРІБОЗҰЛЫ,  
филология ғылымының докторы, профессор.*

## ЖАЛА МЕН ЖАЗА

*(хикаят)*

Асылғазин таң нұрына шомылған қара ағаштардың арасымен аяндап келеді. Аспан ашық, үп еткен екпін жоқ. Салқын, ылғалды ауадан көктем иісі сезіледі. Үй-үйден шыққан үлкенді-кішілі балалар бірімен-бірі көңілді шүйір-келесіп, мектепке қарай ағылып барады. Поселкенің шеткі көшесі болғандықтан ба, жол үстінің тыныштығын бұзған өзірге солар ғана, орталық жақтағы машиналардың гүрілі бейне бір қарқын судың сарылындай алыстан естіледі.

Аудандық газет редакциясы поселкенің орталығына жақын, елеусіздеу көшенің біріндегі атам заманғы ескі екі қабатты үйге орналасқан болатын. Асылғазин кеңсеге жақындай бергенде жүрісін еріксіз тежеп алды. Сылағы түлеген түйенің жабағысындай көтеріліп, іргесі құздана бастаған айғыз-айғыз қабырғалар, көптен сырланбай қармен жаңбырдан ақжемденіп кеткен терезелер бейне бір иесіз қалған қыстауды көзге елестетеді. Үйдің сыртқы тұрпаты әлгіндей болса, іші одан да бетер сұрықсыз еді. Еденге төселген тақтайлардың жігі қақ-қақ жарылған, бөлмелердің қабырғасы жуылмаған жаялықтай сатал-сатал, зәңкиген пештердің қаңылтыр қаптамалары қырық құрақ, есіктердің топсасы тотығып, жақтауы қисайған, тиіп кетсең бебеу қағады. Осындай үйде интеллигенцияның озық ойлы өкілдері жұмыс істейді деп айтудың өзі ақылға сыймайтындай.

Асылғазин редакторлық міндетіне кіріскен аптадан-ақ мекемеге үй сұрап ауатком төрағасына барған болатын. Сонда ол көмектесуге уәде беріп, емексітіп қойды да, кейін сол уәдесін жұтып, “болмайдыға” шықты. Бұл енді ау-парткомның бірінші хатшысына жағдай айтты. “Газет ауданымыздың айнасы, — деді хатшы, — оның кеңсесі де айнадай таза болуға тиісті. Қоқым-соқым ескі үйде отырған журналисте қандай шабыт болсын? Мен мұны сен айтпасаң

да білемін. Алайда сұрағанға сыбаға деп қалтамнан шығарып бере салатын үйім жоқ. Редакция түгілі наубайхана, клуб, аурухана салып беруге қаржыны қайдан табарымыз белгісіз. Әзірше қолда барды сылап, сипап пайдаланыңдар”.

Үй алудан дәмесін біржола үзген Асылғазин басшыларды қайтып мазаламады. Күзге таман облыстық басқармадан бөлінген азын-аулақ қаржымен кеңсенің ішін ағартты, пешін жөндетіп, есік-терезелерді боятты. Азда болса иіс-қоңнан арылып, жұмысқа алаңсыз кіріскенде қалың жаңбыр басталды да, тесік шатырдан сорғалаған тамшыдан бөлмелердің іші бәз баяғыдай сары жағалданып шыға келді. Содан қар жауып, аяз түскенде барып жігіттердің бетіне қан жүгірді.

Асылғазин өмірінде алғаш рет дәл осы жолы көктемнің келгеніне қуана қоймады. Рас, әзірше наурыздың беті жайлы, аспан ашық, жер құрғақ, алайда алда ақ нөсерлі сәуір бар емес пе! Оған қандай айла таппақ? Төбесінен тамшы сорғалаған сыз бөлмелерде бүрсендеген қызметкерлердің жүзіне қалай қарайды? Ол біреу әдейі таспен шөкелеп сындырғандай әр жері ойдым-ойдым болып тесілген шатырға қарап біраз тұрды. “Түгелдей жаңаламаса да бүлінген тұсын тездетіп ауыстыру керек шығар. Бірақ оған қаржыны қайдан алады? Және де облыстық басқармаға бара ма? Онсыз да құдды қалтасынан төлегендей күзде берген көк тиынын қыстай бетіне салық қылды. Енді не істейді, Алматыға, комитетке шығуға тура келер, обкомға да барар... қайткенде де қаржы таппай тыншу жоқ...”

Қалтасынан темекі алып тұтатты, ащы түтіннің ысы қолқасын қауып, уы бірден басына шапты. Ертемен ұйқыдан тұрған бойда осы пәлеге жоламауға серт бергендейді. Жолай сол сертін ұстап, аңсары ауған никотинді ойламауға тырысты, бірақ қаншама зорланғанымен қалтасындағы жартылай шегілген қорапты лақтырып жіберуге тәуекел ете қоймаған. Үйдің шатырын бүтіндеуге қаржы табудың жолын ойлап тұрып қою түтінді құшырлана жұтқанда, көзі шырадай жанғандай болды. Ол өзінің ұстамсыздығына ақталғысы келгендей “мынадай албасты құрылысты көргенде темекі шекпек түгілі у болса да ішіп қоярсын” деп күбірледі.

Редактор сықырлауық есікті абайлай ашып, ішке өтті, күңгірт коридорды бойлап екінші қабатқа көтерілді. Маңдай алдындағы хабарлама тақтасының беті жып-жылмамай, өткенде хатшы қызға еңбек демалысына шығудың кестесін іліп қоюды ескерткені қайда? Қабырға газетінің жазулары көмескіленіп, өше бастапты. Сірә, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қозғау салмаса болмас.

Қабылдау бөлмесіне таңғы шапақ мол төгіліп тұр. Жазу машинкасы қойылған үстел үсті мұнтаздай таза, газет тігінділері жиналған шкафтың әйнегінде күн нұры үшқындайды, терезе алдындағы қыш құмыраның ернеуінен құлаған өсімдік сабағында кішкене-кішкене көк гүлдер қауыз жарған. Асылғазин кабинетіне кіріп, сыртқы киімін шешті де, бұрыштағы ілгекке қыстырды. Асықпай адымдап барып, терезенің желдеткішін ашты. Сосын, орындығына жайғасып, алдындағы күнделік кітапшасына қол созды. “Бәрі де жоспардан басталады, онсыз ескексіз қайыққа отырғанмен бірдей” дейтін бұған ұстазы Жақып. Бірақ, бұл ол кезде күнін, сағатын өлшеп-пішіп жүруге үйрене алмай-ақ қойды, тіпті, “өмірді жоспарлау қатыгездік, адамның ой еркіндігіне қиянат” деп бөлім бастығымен пікір таластырып та қалғаны бар. Сонда, ыстық-суығы басылып, дүниеге сабырмен қарайтын жастағы Жақып “Мақсатсыз адам жел ырқындағы қаңбақ, ал көздеген мақсатқа жету үшін ойлануың керек емес пе? Ендеше, жоспар — бағыт-бағдарыңды айқындаудың арқауы” деп өзінікін дәлелдеуге тырысатын.

Облыстық газетте істеген үш жыл оның көп нәрсеге көзін ашты. Бөлім бастығының киген киімінен бастап, қи-мыл-қозғалысы, сөйлеген сөзіне дейін өзгеше бір зиялылықты аңғартушы еді. Енді, міне қырықтың беліне көтеріліп, ұжым басқарған кезде, сол жақсы кісінің ақыл-кенесіне сусағандай күйде жүр. Таңертең орындыққа отырған мезетте “Бәрі де жоспардан басталады” деп ұстазының сөзін еріксіз қайталайтын болды, кей-кейде бір нәрсені шешудің ығытын таппай, тұйыққа тірелгенде “осындайда Жақаң болса не істер еді” деп те толғанатын халге жетті.

Асылғазиннің ойын телефон қоңырауы бөлді, тұтқаны көтеріп:

— Иә, тындап тұрмын, — деді марғау қалпында.



— Сен кімге ақыл айтып жүрсің, шырағым? — Жуан, әмірлі дауыс салған жерден тықсыра сөйледі. Ол бірінші хатшыны танып, абдырап қалды.

— Саламатсыз ба, Бәке ... Мен...

Хатшы оның сәлеміне де, бастай берген сөзіне де құлақ аспай:

— Ақылың тасып бара жатса, оны аупарткомға емес, қарамағындағы адамдарға жұмса. Пленумға баяндама жазбаймын деп шіренгеніңді енді естімейтін болайын. Түсінікті ме? — деді де байланысты шорт үзді.

Асылғазин ойламаған жерде үстінен құйын жүріп өткен жолаушыдай күйге түсті. Зәрлі сөздер жүрегіне инедей қадалып, жанын сыздатып бара жатқандай. “Хатшының қаһарына ұшырайтындай жазығы не? Әлде кешегі идеология бөлімінің нұсқаушысы Ақбілекпен болған қақтығыстың зардабы ма?”

— Редактор жолдас, — деген Ақбілек, — пленум өтетінін білесің ғой?

— Білемін.

— Ендеше, баяндама жазуға отырасың.

Бұл өзінен бірталай жас кіші қыздың менсінбей тілдескеніне шамырқанып:

— Қалқам, баяндама жазу менің міндетіме жатпайды, — деді төтесінен.

— “Қалқамыңды” үйдегі жұбайыңа айтарсың, жолдас. Ақбілек өрт тиген қамыстай лап етіп тұтанды. — Кіммен сөйлесіп отырғаныңды ұмытпа. Келмей жатып кергитіндей не міндетің бар...

Асылғазин әңгіменің тереңдеп бара жатқанын аңғарып тілін тартты.

— Әдептен аттамайық, жолдас нұсқаушы, — деді салмақпен сөйлеуге тырысып. — Сізбен бөлім меңгерушісінің алдында түсініскім келеді.

— Тапсырманы тәлкекке айналдырып барасың, редактор, шынында басшылардың алдында кездескеніміз дұрыс болар.

Ол кезекті номерге беретін материалдарды орынбасарына өткізді де, кідірмей аупарткомға келді. Идеология бөлімінің бастығы Сәмет өзінде екен, мұның сәлемін салқын қабылдады.

— Нұсқаушы дегеніміз, жоғарының тапсырмасын жеткізуші әрі орындалуын бақылаушы. Сәмет тамағын қырнай сөйледі. — Оның беделін түсіруге жол бермейміз. Әдепсіз адам райкомда отыра ма, мұныңыз қалай?

— Діңкілі төбемді ойып бара жатқасын әдептілікке шақырғаным рас. “Ұлық болсаң кішік бол” деген ғой...

Сәмет оны терезеге карап отырып, селқос тындады.

— Қажет емес, ақталмаңыз, — деді бір кезде бұрылып. — Болмашы кикілжіңмен сіз-бізімізді бұзбайық. Ортақ жұмыс қой, баяндамаға жәрдем бересіз.

Асылғазин сырын, сынын білмейтін бөлім бастығымен қырғи қабақ болудан сақтанды. Жаңылмайтын жан, сүрінбейтін тұяқ бар ма, сондайда ретін тауып, аяғынан шалса. кімнен сүйеніш күтеді. Ақбілектен бе? Атама, басымен алысып тұрған нұсқаушыдан ондай қайырымдылық шыға қоймас. Сонда не істеу керек, жалтақтаумен жан сақтамақ па? Сүрінуден қорқып жолға шықпаса, жаңылудан қорқын жақ ашпаса кім болғаны, мұның?

— Сәке..., үні бір түрлі жарықшақтанып шықты, — Жауапты хатшы үш айдан бері науқас, сырттай оқитын екі қызметкер бүгін-ертең сессияға кетеді... Баяндамаға көмектесудің жүдә реті келмейді, буынсыз жерге пышак ұрмаңыз.

Сәметтің ақшыл жүзі аздап қызарып барып басылды.

— Нұсқаушыға иланбап едім, — деді ол даусын қоюлатып. — Өзің шынында да жылайман екенсің.

Енді Асылғазин қызарақтады.

— Жағдайды айтқаным жылаймандық болып па?

— Былай ғой, редактор жолдас, партиялық тапсырмаға сылтау, себеп жүрмейді, бұл бір. Екіншіден, басшылармен сөйлескенде субординацияны сақтағаныңыз мақұл.

Осы кезде үстеріне Ақбілек кірді. Ол Сәметке жақын орындыққа жайғасты да, “ал, басшының алдында кездесуге ынтық болсаң келдік” дегендей бұған ашулы көзінің қиығын салды.

— Иә, — деді Сәмет үзілген әңгімесін ықылассыз жалғастырып. — Үш редактормен қызметтес болдым, жолын, жөнін білетін жігіттер еді бәрі, бір ауыз ишай дескеніміз жоқ.

Бастығының бей-жай сөйлегеніне Ақбілек шыдамай:

— Райкомды менсінбейтін мұндай басшыны бюроға салу керек, Сәке, — деді жұлқынып. Үгіттеп әуре болмаңыз, бәрібір түсінгісі келмейді. Көрмейсіз бе, сейілге шыққандай партия үйіне галстуксіз келуін.

Асылғазин оның байбаламына еліге қоймады. Нұсқаушының ұрда-жық мінезіне ыңғайсызданғандай бөлім бастығы бір қызарып, бір бозарып саусақтарын тарақтап қозғалақтай берді. Ақбілек қолындағы қаламсабын шошайтып, тәртіпсіз оқушысына кейіген ашушаң мұғалімдей әлі басылар емес.

— Редактордың міндетіне не жатады, не жатпайды, райком оны сенсіз де біледі... әуелі өзің үйрен, тындап, орындап үйрен.

Асылғазин аупарткомнан көңілсіз оралды, кеңсеге кірген бетте жауапты хатшының міндетін атқарып, баспаханада жүрген орынбасарын шақыртты. Аупарткомда болған әңгіменің бүге-шүгесін тәптіштеп жатпай, тек пленумға баяндама дайындауға көмектесу керектігін айтқанда, талай басшының ішіндегісін қабағынан танып үйренген Тоқтар оның әлем-жәлем көңілін дәл басты:

— Арғысын білмеймін, бергісі Сәкең де, Мұқабай да баяндама жазумен шашын ағартқан, — деді редакторына мүсіркей қарап. — Айтпайды, айтса қайтпайды олар.

Сәкең мен Мұқабай осы редакцияны ұзақ жыл басқарып облыстық газетке ауысқан болатын. Оның мына сөзінде “мүйізі қарағайдай редакторларды қол баладай жүгіртіп қойған райком сені қайтсін” дегендей астар да бар. Асылғазин сыр бермей, сырбаз жымиды.

— Сол ағалардың жолымен жүрсек адаспаспыз, бәлкім?

Тоқтар ұзын мойнын толғап-толғап алып, назыркана басын шайқады.

— Сізді қайдам, мен бұған қарсымын. Журналист басшылардың баяндамасын жазуға міндетті дегенді еш қаулыдан оқыған емен. Ашығын айтқанда, райкомдікі белден басу.

Онсызда күйініп отырған Асылғазинге орынбасарының сөзі отқа май тамызғандай әсер етті.

— Солайы солай, әйткенмен соңғы рет көмектеселік.

Ол баяндамаға байланатынын сезіп, шырылдап берді.

— Ойбай-ау, “соңғы ретпен” сілемді қатырдыңыз ғой. Үш айда бес баяндама бітірдім. Егер сонын орнына кітап жазсам, әлдеқашан миллионер болар едім.

Оның әдепкіде осылайша қызынып-суынып ойына келгенін ақтарып салатынын, сосын толқыны басылған судай әп-сәтте сабасына түсетінін біліп үлгерген редактор ләм деп аузын ашпады. Шынында да Тоқтардың түйілген қабағы тез жазылды, ол өзінің осыдан біраз жыл бұрын аупарткомның бірінші хатшысына барғанын шабыттана әңгімелей бастады.

— Сәкең тәуір басшы болды, біреуге киянат жасаған емес. Қателесе қалсаң зекіп, дауыс көтермей-ақ жайлап айтқанда, сай-сүйегінді сырқыратып жіберетін. Бірақ неге екенін қайдам, райком қызметкерінің төбесі кәрінгеннен түсі бұзылып кететін. Бастығымыз қамыстай қалтылдап тұрғанда басқамызда не қауқар бар, аупарткомның барын кел, шауып келіне айналып, тоз-тозымыз шықты. Қыста мал қиын тазалауға, көктемде қозы күтуге, жазда күріш отағын жұлып, шөп оруға, күзде астық жинауға қатысамыз, кей күндері редакцияда екі-ақ адам қалады. Сонда да болса лаждап газет шығарамыз, сын да, проблема да жазған боламыз. Алайда, коллективтің күші жылдан жылға көзі бітелген бұлақтай сарқыла берді. Өтірік-шынды ауыратындар көбейді, бірер мықты жігіт басқа жерлерге ауысты. қойшы, әйтеуір әбден берекеміз кетті. Бізге ара түсетін редакторымыз жыл он екі ай бір совхозда уәкіл, кеңсеге аптасына бір соғады. Ақыры шыдамым түгесілді, неден қорқайын, жамандығына барғанда замдықтан түсірер, бірақ қалам мен қағазымды ала алмайды ғой, жігіттер үшін жан пида дедім де күндердің күнінде бірінші хатшының қабылдауын сұрадым. Қолымда редакция қызметкерлерін өз кәсібінен өзге жұмысқа пайдалануға тыйым салынған Орталық Комитеттің қаулысы бар. Ол мұнан отыз жыл бұрын шықса да, әлі пәрменін жоймапты, оны білетіндерден пысықтап алғам. Обалына қалмайын, бірінші хатшының газетке көзқарасы бөтен емес-ті, мені бірден қабылдап, сөзімді бөлмей тыңдады. Шамалыдан кейін “Редакторың қайда?” деді жұмсақ жымып. Байқаймын әдейі сұрады, әйтпесе оны совхозға қадап қойған өзі емес пе? Іштегі ақ сайтаным басын көтеріп-көтеріп қояды. “Бастықтың қайда

жүргенін жұмсаған кісі біледі де” дей жаздап барып “әу, Тоқтар, тоқта, Аяз әлінді білді ұмытпа” деп өзіме-өзім сабыр беремін. Абырой болғанда хатшы үнсіздікті бұзып сөйлей жөнелді. “Жалпы, газет тілшілерін қара жұмысқа жегіп қойған жарамсыз практика, олардың жер-жерді аралап, жақсы мен жаманды елге жеткізгені тиімді. Сіздердің міндеттеріңіз де сол. Ал, тереңірек ойласақ, тілшінің бір ауық кетпен ұстап, құрық сүйреткенінің несі айып? Өзіңіз ақылға салып байқаңызшы, еңбеккердің бейнетін бастан кешпей оның бейнесін қалай суреттейсіз? Жазарсыз-ау, бірақ көзбен көріп, қолмен ұстағандай әсерлеп бере аламысыз? Сондықтан демалыс уақыттарында совхозға барып, ащы терден арылып тұрғандарың жөн. “Хатшының пікірін қуаттайтынымды сездіріп, басымды изеп жатырмын. Ертесіне редакторым “Жұмыстан құтқарғаныңа рақмет, әйткенмен бастыққа бармастан бұрын, әуелі менімен кеңесіп алуың керек еді” деді бусанып. Кейіннен естідім, бірінші бюроның үстінде журналистерге “бостандық” беріпті, сөйте тұра бастығымды “жалтақсың, жасықсың, адамдарыңа ие болмайсың” деп әбден сілкілепті.

Асылғазин орынбасарының әңгімесінен “сен де біріншіге барып теңдік сұрамасаң өзінді де, бізді де сорлатасың” дегенді анық түсінді. Барғанда не дейді, “баяндамаңызды өзіңіз жазыңыз, біздің қолымыз тиетін емес” дей ме? Сөйлер сөзінің тәуір шыққанын кім жек көрсін...

Тоқтар “соңғы ретке” амалсыз келісті, жауапты хатшының міндетін бөлім меңгерушісі Құмарлыққа тапсырып, таңертең идеология бөліміне баратын болды. Ал, ондағылар редактордың уәде бермей қыңырайып кеткеніне шамданып, болған әңгімені біріншіге жеткізіп үлгерген екен де. Әйтпесе хатшы соншалық зекімес еді.

“Иә, ал енді ақталып көр, — деді Асылғазин күйіне күбірлеп. — Редакторлық қызметті сәгістен бастадық, аяғы немен бігер екен... Бірінші хатшының айқайын естісе, Ақбілек сияқтылар мұны Бегімбайшалап “есігінің алдына байлап қоюдан шімірікпес”.

Көз алдына партия мектебінде бірге оқыған Шар ауданындағы құрдасы Бегімбайдың жүзі елестеді.

Партия мектебіне қабылданғандардың арасында редакторлық қызметтен келген жалғыз сол ғана еді. Мінезі ашық,

өзіл-оспаққа жүйрік, еркінше сөйлеп, еркінше жүруді қалайтын жігіт аз уақытта оқытушыларға да, құрдастарына да ұнап үлгерді. Сабақтан қолы босаған бойда жігіттер Бегімбайдың бөлмесіне жиналады. Шай ішеді, өткен-кеткенді әңгімелеп, іштегі армандарын шертеді. Сондай бір көңілді отырыста “сендерге редакторлық лауазым тәнірдің тағындай көрінеді, ал мен сол тақтан өзер қашып құтылдым” деді ол күлімдеп. Жігіттер “өзілің бе, шынып ба” дегендей оған жалт-жалт қарасып қалды. Тек Асылғазин ғана құрдастығына салып “қой әрі, қолыңнан келмеген шығар, әйтпесе есі дұрыс кісі құдай берген бағын басына тебер ме” деді.

Бегімбай оның сөзіне намыстанған жоқ, тек іштегі сырын андаусызда айтып қалғанына өкінгендей “кімге бак, кімге сор, оны бастан кешкен біледі де. Кәне, онан да өлең оқиық” деп әңгіменің бетін аударуға тырысты. Бірақ, еріккен жігіттер қойсын ба, тұс-тұстан түртпектеп, ақыры шынын айтқызды.

— Сендер құмартатын пәлендей қызықты хикая емес, үш жыл бастық боламын деп мұрнымнан қан кете жаздағаны ақиқат.

— Ал?

— Райком мен редакцияның арасында жүгірдім де жүрдім.

— “Ананы мақтамайсың, мынаны даттамайсың” дейді де баяғы...

— Онысын қойшы, бір цифрдан қате кетсе бітті, телефон дың етеді.

— Сонда кім, бөлім бастығы ма?

— Жок, ол өзіміздің адам, мені сорлатқан мықтының өзі болды.

— Бірінші ғой?

— Сол.

— Қой әрі, сондай майда-шүйдемен айналысуға арланатын болар.

— Арланбады, цифрлардың кесірінен бюрода сөгіс алдым...

— Сөгіспен аман қалыпсың қайта, баяғы асыра сілтеу кезінде бір үтірдің мағынасын түсінбеген мақаулар талай адамды атып жіберіпті дейді ғой. Дегенмен, аудан басшысының

соншалық ұсақтыққа баратынына кім сенеді?— дейді Асылғазин оған күмән келтіріп. — Басқа бір себеп бар да.

— Себебі бар әрине. — Бегімбай қипақтап отырып шынына көшті. Бір мақалада хатшымыздың балдызын сынап жіберіппін. Содан отырсам — опак, тұрсам — сопақ болдым.

— Ә, ә, солай десей. Өзіңе де обал жоқ, сйбай-ау, хатшының қорасына түсіп нең бар?

— Білмеген у ішеді деген де, қарға тамырлы қазақтың қай қыртысын түгендейін.

— Хатшының балдызын танысаң жазбайсың ғой, солай ма?

— Атама, білсем көлеңкесін басармын ба?

— М-м, — дейді Асылғазин, — Хатшың сенен оп-оңай құтылған екен.

— Жо-жоқ, тіпті олай емес, оқуға жіберіңіз дегенімде өтірік, расын қайдам, әжептәуір қиналды.

— Себеп?

— Себебі, кейінгі кезде “қателіктен қорытынды шығардым”.

— Қалай?

— Баяғы сыналған балдызынан бастап бастықтың біраз бауырын дәріптедім.

— Оу, хатшымен түсінісіп кетсең үрім-бұтағын насихаттап жүре бермедің бе, қашып құтылғаның не?

— Қалай қашпайын, біріншінің әулетін дәріптей бастағанымда өзге басшылар да жақын-жуығын мадақтауға “заказ” берді.

— Мәссаған. Жаздың ба?

— Кірісе бастап ем, тыйым салды.

— Бірінші ме?

— Әлбетте.

— Алда, байғұс-ай, маңдайың тайқиып екі оттың ортасында қалыпсың ғой.

— Екі оттың емес, қаулаған өрттің ортасында қалдым.

Жігіттердің бірі күліп, бірі үнсіз басын шайқап, үшіншісі пікір таластырып бөлменің іші у-дуға бөленді. Осы әңгімеден кейін Бегімбайдың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі Асылғазинге бір түрлі алдамшы тәрізді көрінетін болды. Онысын жасырмай айтты да. Әйткенмен күрдасы намыстанудың орнына бұған “басыңа келсін” деп күлді де қойды.

Жуырда сол Бегімбайдан хат алған-ды. Ол аупарткомның идеология бөлімін басқаратын. “Партия мектебінің нанын жеп, талтандап жүрген жағдай бар, — депті құрдасы. — Сен құсаған жаман редакторды есігімнің алдына байлап қойдым. Сірә, ол да қалудың ретін таппай жүрау, оқуға сұранып, қыңқылдап қояды... Өз жағдайың қалай, кітаби принциптен тайған жоқпысың? Әлде өмірді көріп, көзің ашылды ма? Ақылымды алсаң, өзім білемінді ұмыт, демократия деп ауыздығыңмен алыспа, текке күйіп кетесің...”

Бегімбайдың хатын оқығанда Асылғазин “көң тартса қалыбына барады, екі жыл оқысаң да баяғы жортағыңнан жаңылмапсың, сабаз” деп таңданған да қойған. Енді ойланса құрдасының айтқаны өзінің басына келе бастапты.

Құлағында ызындап тұрған хатшының сөздерін ұмытуға тырысып күнделік кітапшасына қайта үңілді, газеттің кезекті санына кететін материалдарды топтап, бөлімдердің мойнындағы “қарызын” есептеді. Есік жай ашылып, хатшы қыздың ақсары жүзі жайнан еткенде барып басын көтерді. Ол сызыла сәлемдесіп, қолындағы бір бума газет, журналды үстел шетіне қойды да, кідірмей шығып кетті. Асылғазиннің бұлыңғыр көңіліне аппақ ай сәулесі түсіп, ізінше сөніп қалғандай болды. Иссудың ұнамды жұпары біразға дейін бөлменің ішінде қалқып тұрып алды. Әлден-әзірде ауызғы бөлмеден телефон лентасындай сырт-сырт еткен машинканың дыбысы құлаққа жетті. Жер-жерден келген хаттардың мазмұнымен танысып жатқанда Тоқтар телефон соқты.

— Келісім бойынша ертемен бөлімге келіп баяндаманың қаңқасын құруға кірістім, — деді ол жау шебінде жүрген жауынгердей жағдайды тәптіштеп. — Әлі он екіде бір сайманы түгел емес, бір күнде бітетінге ұқсамайды.

— Көрерсіз, бірінші де алаңдап жатыр.

— Ә, ө солай ма?.. Сізбен Сәкең сөйлесем дейді.

Кешегідей емес, бөлім бастығы жұмсарып қалыпты. Бірақ, үнінен әлде де салқындық сезіледі. — Орынбасарыңды жіберіпсің, енді асықтырма, бітіріп тастасын. Ая бастық не дейді?

Асылғазин біріншіден естігенін ішіне бүгіп:

— Жұмыстың жайын сұрады, — деді салмақпен. Тоқтарды екі күнге босатамын, онан әріге қинамассыз.



— Қойыңыз. Сәметтің даусы қатқылданып кетті. Кешегі өңгімені жаңғыртпаңыз. Басқа басқа, ал сізге қайталап ескерту лайықсыз. Орынбасарың баяндаманы бітірмей қайтпайды. Құдай-ау, өзің не деген қыңыр адамсың. Болды енді, алысқа бармайық...

Асылғазин хатшыға кеткен есесін бөлім бастығынан алғанына айызы қанғандай:

— Қалай десеңіз де, Токтарды екі күннен арыға босата алмаймын, — деді тырысып.

Секретариаттың жұмысынан Құмарлықтың мүлдем хабары жоқ-ты. Редактор екеуі номердің жобасын сызуға кіріскенде мұрнын қайта-қайта тартқыштап, берекесі қашты. Материалдардың көлемін анықтауға келгенде есептен жаңылды, жол-жол бағанаға бөлінген макеттің бетіне белгі салып жатқан қолы икемге келмей дір-дір етеді. Оның мүшкіл жайын айтпай түсінген Асылғазин жұмысқа өзі кірісті.

— Университет бітіргеніңізге біраз болған шығар?

Құмарлық шашын бір сипап қойып:

— Көп қой, алты жылдан асты, — деді ақталғандай, — ұмытыңқырап қалыппын, хәріптердің түрін ажырата алмай отырмын.

Редактор “оныңды байқадық қой, тым ерте ұмытқан екенсіз” дей жаздап барып меселін жықпай:

— Ұмытшақтық бәріміздің басымыздағы кемшілік, — деді. — Кітап бар, үйренеміз де, секретариаттың жұмысын білмей жақсы газет шығара алмаймыз.

— Оқимыз ғой...

Беттердің жобасы сызылып, материалдардың көлемі белгіленіп болғанша баспахананың кезекшісі екі рет келді. Соңғысында “Макетті кешіктіргеніңіз үшін айып төлейсіз, жұмыс ырғағын бұздыңдар” деп қыр көрсетті. Содан редактор кінәсін мойындап, кешірім сұрағанда барып райынан қайтты. Расында Асылғазиннің өзі де қарайып қалған екен, жауапты хатшыға, ол жоқ кезде орынбасарына арқа сүйеп, секретариаттың жұмысына араласпағаны маңдайына тиді, есептеу сызғышын қолдана білгенімен, әр мақаланың тақырыбына лайықты хәріптерді тандай алмай көп әуреленді.

Құмарлықты баспаханаға жөнелтіп, жоспарлы материалын жазуға отырғанда түс болды. Ол әдетінше мекемеге

жақын жердегі асханадан өзек жалғады. Сосын кабинетіне келіп бел жазып, көз шырымын алмаққа бекінді. Орындықтарды қатарластыра қойып, үстіне ұзыннан түсіп жатты. Басына жастанған газет тігіндісінің қыры мойнына батып, сәл қозғалса астындағы төсеніші сынып кетердей сықырлап мазасы қашты. Сонау бір уақтағы Жақсы аудандық газетінде қызмет істеген кезі ойына оралып еріксіз күлімсіреді.

Еденіне кірген адам басуға ұялатын шоқтай жайнаған қып-қызыл кілем төселген редакторының бөлмесі мұның қасында патша сарайындай болатын. Есікке таяу бұрышта арқалығы қайқайып үлкен жұмсақ диван тұрады. Оқта-текте жиналыс өткенде болмаса бастықтан өзгенің жамбасы тимеген шығар-ау. Түске таман редакторы сол былқылдаған жазылмалы төсекте шалқалап жатып кітап немесе журнал қарайды. Жұмыс бабымен үстіне кіре қалсаң, мамыражай қалпын бұзбай шаруанды тыңдайды, мақала апарсаң, қарсы есіктегі орынбасарына сілтейді. Алғашқыда мұның бәрі Асылғазинге ерсілеу көрініп жүрді, бірақ кейін көзі үйреніп “бастыққа осы жарастықты” дегенге иланды.

Редакторының мінезі қатаң еді. Көп жыл аупараткомда бөлім басқарып, “төмендеп” келген Бекназаров бейне тәртіп сақтауға жіберілген милиция қызметкеріндей үнемі сіресіп жүретін, көп тыңдап, аз сөйлейтін. Таңертең жауапты хатшыны жанына ілестіріп бөлмелерді аралап шығады, кім орнында жоқ, бары не істеп отыр журналға түгелдей түседі, артынша бұйрық жазылады. Бұл жұмысқа кеш келіп, ерте қайтатындарға шаншудай қадалды. Бас-аяғы бірер айда жігіттердің алды екі реттен сөгіс алып үлгерді. Жұмыс кезінде дауыс көтеріп сөйлесуге, темекі тартып селтендеп жүруге, тіпті өзілдесіп, күлуге тыйым салынды. Журналистер еркін халық қой, редактордың қалаған тәртібіне көндіге қоймады, қайта-қайта “шекарадан” аттап кетіп, ескертуден есі шықты. “Творчество адамына қатыгездік жүрмейді, бастықтың мұнысы надандық” деп күнкілдейтіндер табылғанымен, онысын ешкім ашық айтуға батпады. Осындай қиын күндерде редактор жиналыс шақырды. “Сіздердің араңызда кеңсе тәртібін білмейтін, білген күнде оны мойындағысы келмейтін қыңырлар бар, — деді ол. — Ондайлар пышың-пышың өсек айтып, тасада тұрып тас атуға құмар. Біз ең әуелі сондай жүгенсіздермен есеп айырысуға тиіспіз”.

Бекназаров “жүгенсіздердің” атын атап, түсін түстеп жатпай еңбек туралы Заң кітапшасының бетін парақтап “Ал, кәне, — деді отырғандарды жағалай көзбен түйреп, — осында журналистерге кеңшілік берілсін деп бір ауыз айтылған ба? Жоқ. Қайта әділ заң тәртіп бұзғандарды жұмыстан қуу керек дейді. Ендеше оның талабын орында-масаң басың кетеді”.

Бөлмеге жым-жырт тыныштық орнады. Көпшіліктің көкейінде “ішіміздегі әңгімені бастыққа жеткізіп жүрген жағымпаз қайсымыз” деген сұрақ тұрғандай. Редактордың орынбасары үлгілі оқушыдай қолын көтерді.

— Мен айтайын. Тәртіп бізге де, басқаға да ортақ, — деді ол. — Аппаратта өсек айтылды дегенше адамгершіліктен кетісеміз, бұл журналистің қанында жоқ, нашар әдет. Бас-аяғы бес-алты кісіміз, бір-бірімізден жасыратын не сыр бар? Жігіттер ойланайық, халық болайық.

— Дұрыс, — деді редактор оған риза болғандай. — Тағы пікір білдіретіндер бар ма?

— Менде бар. Жауапты хатшы қолынан тастамайтын сызғышын шошандатты. — Айтсақ жек көресіздер, — деді Жолбасаров көпшілікке бұрылып. — Бетімізбен кеттік қой, тіпті. Кәсіподақ председателі не бітіріп жүр? Көңіліне келсе атамның арғы жағына, түк те бітірмейді, жұмыстан қалғандарды көре тұра үндемейді, білсе де былқ етпейді. Командировкаға шықсақ жоғалып кетеміз, жоспарда тұрған тапсырма мерзімінде орындалмайды. Жаманыңды жасырып, жақсыңды асырсам деп-ақ шаршадым. Мен бір ғана нәрсені айтайын, керіліп, созылып, күліп-ойнап жүретін адамға аудандық газет қол емес, бізге табанынан оты шығып зытып жүретін, оперативті журналист керек. Сосын, ол қызына сөйлегенде езуі көпіршіктеніп жуық арада өзін тоқтата алмай қалатын, абырой бергенде бұл жолы ұзаққа сілтемеді. — Іштерің біледі, редактор жолдастың талабын ғайбаттап талай күңкілдегенінді естідім, ендігі жерде ондай өсекшіге аяушылық жасалмасын.

Жұмсақ диванда жатып алып қызметкерлердің басқан қадамын аңдитын редактордан бір ауыз мақтау естімей-ақ Асылғазин облыстық газетке ауысты.

Өмір деген қандай ә, бүтін өзі редактор болғанда, Бекназаровтың жайлы төсегін аңсап жатысы мынау. Жігіттердің

ерте кетіп, кеш келгенін, анда-санда бір ауық дойбы ойнап, әзіл-оспақ айтып отырғанын көрсе, ішін мысық тырнап өткендей, тыржиып қалады. Баяғы Жолбасаровтай бастықтың қабағына қарап сөйлейтін жауапты хатшы жоқ. сәл ескерту алса, ауруы дайын. Тұла бойы тұнған кеселдің кені ме, бірде тұмауратады, бірде асқазаны бүлінеді, одан қалса, құяңы ұстайды, көзі, тамағы да сау емес. Редакцияның жұмысы көбіне секретариаттың қызметіне тәуелді. газеттің бүкіл тіршілігін үйлестіретін сол.

Түстен кейін Асылғазин бөлімдегі қызметкерлердің басын қосып, өткен аптаның қорытындысын шығарды. Жоспардан тыс берілген тапсырманың орындалу барысын білді. Әңгіме үстінде ойда жүрген пікірлерін ашты. жаңадан туған тақырыптарды қалай, қайтіп зерттеудің жайын талқылады. Жұмыс аяғына таман Құмарлық баспаханамен екі ортада тызақтап жүгіре бастады. Бетке орналастырған мақаласының бірі жетпей қалады немесе тақырыбы ажырайып көзге ебедейсіз көрінеді. Редактор, амал жоқ. төмендегі баспаханаға түсуге мәжбүр болды.

Газет беттерін құраушы келіншек қанына қарайып алғандай Асылғазиннің әр сөзін жақтырмай тыңдайды. қолы мен аузы бірдей қимылдайды. Балабақшаға да, дүкенге де жүгіретін өзі, от жағу, су әкелу керек, қойшы әйтеуір бір басында мың бір шаруасы бар, соны орындауға қырсығын тигізген газет, олақ хатшының кесірінен тірлігі өнбей, жіпсіз байланып тұрысы мынау. Редактор мен Құмарлық тілден қалған. Алақандай төрт бет газеттің макетін кешіктіргені рас. Бірдеңе дейін десе әңгіме насырға шауып кететінін сезеді. Кезекші редактор мен корректор да оның ығына жығылып, лыпып жүр.

— Ағай, бір кісі келіп, сізді күтіп отыр.

Асылғазин хатшы қызға “қазір барамын” деп айтуын айтса да, артынша ол уәдесін ұмытып, қайтадан бет құрастыруға ынты-шынтымен араласып кетті. Сәлден кейін хабаршы және келді, бұл жолы әдепкіден батылдау “Ағай, әлгі кісі асықтырып жатыр, — деді ақсары қыз. — Әйтпесе райкомға кетемін дейді”.

“Ал, ендеше, аупарткомды көлденең тартып қырланған бұл кім өзі”. Ол кабинетіне кіре бере алдындағы көрініске таңдана қарап тұрып қалды. Мұның орындығында шіреніп

бейтаныс кісі отыр, бір қолында телефон, екінші қолында түтіні сыздықтаған темекі. Құдды өзінің үйіндегідей емін-еркін жайласып алыпты.

— Әй, шырағым, — дейді тұтқаның жұдырықтай құлағын тістеп алардай аузына тақап. — Кім екенімде қандай шаруаң бар, әлде телефонмен сөйлесуге де қызметімізді сатамыз ба? Мен совет гражданымын, иә, вот все. Қане, қоспай гөр, әулейі екенсің. “Жауап бермейді”. Жауап бермесе, райкомның идеология бөлімін бер. Ал-ло, Сәмет, қасқа-ау, не боп кеткен ауданың? Байланысты сен басқармаймысың, телефонға ылғи жағына жылан жұмыртқалаған тәлпіштерді қойыпсың... ұят қайда? Тіпті адам сияқты тілдесуге де жарамайды. Жарты сағат бойы қалаға шыға алмай шаршадым. Шара көру керек... Е, ашуланбай нетейін... Мен редакторыңның кабинетіндемін, кейін айтамын, бір мәселе бар.

Ол босағада тұрған Асылғазинді енді ғана көріп, телефон тұтқасын орнына сарт еткізіп тастай салды.

Соңғы сөз редакторды онан сайын таңдандырды. Бірақ, дені сау, делебесі дұрыс адам танымайтын-білмейтін біреудің бөлмесіне кіріп алып, телефондағы қыздармен керілдесер ме.

Мына кісінің қылығы қандай әбес болса, түрі де сондай ұсқынсыз еді. Қыржым-тыржым әжім басқан бет-аузы тоттанған темірдей күлгінденіп тұр, қарасы, ағы аралас ұзын шашы шашылған шөптей қалай болса, солай жатыр. Костюмінің өңірінен көрінген ақ көйлегінің жағасы кір, шаң. Қысыңқы көзінде суық сәуле бар. Идеология бастығымен еркінсі сөйлескеніне қарағанда, екеуі бұрыннан жақсы таныс тәрізді.

— А-а, сен кімсің? Темекі түтінін танауынан сыздықтата шығарып, түйеден түскендей дүңк еткенде, Асылғазиннің қаны ду етіп басына шапты. Енді ол мынаның нағыз әумесер екеніне шүбә келтірмеді. “Мұндайда не деу керек, не істеген жөн? Әлде шығып кетіп көрші бөлмеден милицияға хабар бергені дұрыс па? Әлде сұрағына жауап беріп осылайша сүмірейіп тұра бере ме?” Бір шешімге келіп үлгергенше, екінші сұрақты естіді.

— Тілің байланып қалды ма? Редакторсың ғой, шамасы.

Мұнысы тіптен шектен шыққандық болса да, Асылғазин шыдап бақты.

— Иә, Сіз кім боласыз? Не жағдаймен келдіңіз?

— Редактор болсаң мұнда кел. Асылғазин оның әміріне бағынды.

— Бала, бастық әбизәтілні төрде отырсын деген зәкүн жоқ. Қабағыңнан қар жаумасын, орындығыңды арқалап кетпеймін, беремін өзіңе.

— Қозғалмаңыз ағасы, керегінше отыра беріңіз, құлағым сізде.

Асылғазин зорлана жымиды.

— Ә, бәсе солай десейші, дүрдимей. Анау “тағынан” түсіп, бұған қарама-қарсы жайғасты.

— Енді сөйлесеміз. Алдымен өзімді таныстырайын, бұрын мен де сен құсап партия солдаты болдым, заң қызметінде істедік. Сенің Сәмет деген бастығыңды тәрбиелеп, адам қатарына қостым... қазір пенсиядамын, атым Назар, Назар Тәңірбергенов.

— Жақсы, мен...

— Тұра қал бала, сабыр ет, сенің редактор Асылмазин екенінді білемін, білгеннен соң келдім.

— Асылғазин деңіз.

— Мейлі, солай-ақ болсын, мәселе кім екенінде емес, мәселе редакторлығыңда. Сұқ қолын шошайтып, сес көрсетті. — Ә, жауапкершілігінде.

— Ал, құлағым сізде, шаруаңызды айтыңыз.

— Айтамын, естуімше келгеніңе көп болмапты, солай ғой? Бірақ болмай жатып болымсыздың ісін істегенің не? Тып-тыныш жатқан ауылды алауыз қылып, ағайынның арасына от тастағаның қалай?

Асылғазиннің көзі ұясынан шығып кете жаздады. “Не дейді мына әумесер, кімнің ордасына от тастадым? Нені бүлдіріппін?”

— Дүниеде не қымбат, не ардақты? Редакторсың ғой, айтшы қане? Үндемейсің бе, онда біліп ал. Дүниеде ең қымбат нәрсе ол ар, ождан, одан асқан ардақты жоқ. Значит, сен адамның арына тидің, ардағымды қорладың. Ендеше, сен дұшпансың.

Мұнан әрі шыдауға болмады. Асылғазин ұстамдылық туралы ойлағысы да келмей, ақ көз айыптаушымен ұтаса кетті.

— Сіз, шектен шығып барасыз... Абайлап сөйлеңіз ақсақал. Не үшін дұшпан болмақпын, нені бүлдіріппін.

— Қыларыңды қылып алып, не бүлдірдім дейсің? “Сұғанак” деген фельетонсымақты есіңе түсірші, көне?

Асылғазин мұнан біраз бұрын газетте сондай фельетонның жарияланғанын білетін-ді, бірақ онда кім, не жайлы жазылғаны жадынан шығыпты. Назардың елеріп сөйлегеніне қарағанда бар бөле сонда тұрған тәрізді, мұндайда әліптің артын баққан дұрыс.

— Сондай материалды бергеніміз рас.

— Берсең, оның сто процент жалған. Иә, совет баспасөзін пайдаланып сүттен ақ, судан таза адамды қаралағансың, ұрықары деп жарияға жар салғансың. Көне, ұры екеніне дәлелің бар ма, солай деген соттың үкімі шықты ма? Жоқ, дәлелің жоқ, соттың үкімі де жоқ. Олай болса фельетонның сандырақ.

— Тексерейік, фельетон негізсіз жазылмайды. Тәңірбергенов кекете мысқылдады.

— Болары болып, бояуы сіңгенде бұл қай бұлтағың? Қой, бала, ондай өнерінді басқаға қолданарсың, маған жүрмейді. Енді былай, сынаған адамыңнан кешірім сұрайсың. Ұқтың ба, редактор, жаздым-жаңылдым деп айыбыңды халық алдында мойындайсың. Мен біттім. Бір апта күтемін, мойындамасаң өз обалың өзіңе...

— Сізге тағы да ескертемін, баспасөзде негізсіз факті жарияланбайды. Тексереміз...

— Біреуді масқаралап жазудың алдында ақты-қарасын анықтап алуың керек еді, оны істемедің, өсек-аяңға сеніп, ойыңа келгенді ойрандадың. Енді құй тексер, құй тексерме, оның құны көк тиын. Сақалды басыммен алдыңнан өттім, осыған да шүкір де, бала.

Тәңірбергенов орнынан тұрды. Тұра бере іргеге бұрылып қолындағы темекі тұқұлына шырт еткізіп бір түкірді де еденге тастады. Онысы Асылғазиннің бетіне түкіргеннен бетер болды. Әкесіндей кісімен не деп жағалассың, зығырданы қайнаған редактор есіктен талтандап шығып бара жатқан бір жапырақ кісінің соңынан сүзіле қарап отырды да қалды. Құмарлық келіп, номердің беттерін алдына жайғанда да, баспаханаға соғып жұмыс барысын көргенде де жыртылған шүберектей жәбірленген көңілі көктеуге келмеді.

Тәңірбергенов шығып кеткеннен кейін Асылғазин газет тігіндісін ашып, аталмыш фельетонды тапты. Ол мұнан үш ай бұрын жарияланыпты.

Құрылыс мекемесінің есеп қызметкері Дәмегүл деген “ай десе аузы, күн десе көзі бар” әйбат келіншек дүкеннен көйлек ұрлап жатқан жерінен қолға түседі. Бірақ, ол қылмысын мойындамайды, сөмкесінен шыққан затты таңертең сатып алғанын айтып, ант су ішеді. Оның ақталғанына сатушы иланбайды, “егер таңертең алсаң, онда бөлімге кірер кезде неге көрсетпедің, қолдорбанды неге ауызға қойып кетпедің” деп шу шығарады. Олардың дауына келім-кетім жұрт жиналады. Осы кезде біреулер милиция шақыруға кеңес береді. Алайда тәртіп сақшысы келіп үлгермей Дәмегүл сытылып кетеді. Дүниесі түгел сатушы болған іске береке деп онан әрі ізденбейді.

Фельетонды Құмарлық жазып, Асылғазинге ұсынған болатын. Бес параққа жуық материалды қарап шыққан бойда қызметкерінің сын-сықаққа икемі барлығын байқады. Автордың тілі удай, оқиғаны көзбен көріп, қолымен ұстағандай суреттепті. Әйтсе де редакторға фельетон фактісінің тұзы татымсыздау көрінді. Ұры кім, жымысқы әдіспен жан бағып жүрген жырынды ма, әлде шындығын дәлелдей алмайтын ынжық біреу ме? Егер көйлекті сатып алғаны ақиқат болса, милицияның келуін күтпегені несі? Бір сом, екі сом емес жүз теңгелік затын бекерден бекер кім тастап қашады? Сатушының қолында оның ұрлығын айғақтайтын акті, көрген куәлардың анықтамасы бар ма? Ондай сенімді дәлелдемелер болмаса Дәмегүлге шық жұға ма?

Құмарлықтың қолындағы жинақталған материалмен танысу үстінде фельетонды жазуға түрткі болған домалақ арызды оқыды ма Асылғазин:

— Хатты таныстырмағаныңыз қалай? Әлде орынбасарға көрсеттіңіз бе? — деді бөлім меңгерушісіне.

Құмарлық түсінбегендей иығын көтерді

— Арызды оқыған бойда іске кірістім. Сіздерге көрсету міндетті емес дедім.

Редакцияға күн сайын ондаған хат түсіп жатады. Тәртіп бойынша бөлім меңгерушісі оны тіркеуден өткізіп, редакторға, ол жұмыста жоқ кезде орынбасарға әкеледі. Ендігі жерде оларды мазмұнына сәйкес әр бөлімге бағыттап, орындалу мерзімін белгілейтін, қосымша нұсқау беретін билік соларда. Құмарлық мұның бірін де ескермей, арызды бейтарап тексерген. Және де сөзінің сыңайынан өзінікін